

ПАВЛОДАР ҚАЛАСЫНЫҢ  
ӘКІМДІГІ

«ПАВЛОДАР ҚАЛАСЫ  
БІЛІМ БЕРУ БӨЛІМІ» ММ  
140000, Павлодар қаласы,  
Кривенко көшесі, 25  
тел./факс: 32-21-67



АКИМАТ ГОРОДА  
ПАВЛОДАРА

ГУ «ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ  
ГОРОДА ПАВЛОДАРА»  
140000, город Павлодар  
ул. Кривенко, 25  
тел./факс: 32-21-67

**БҰЙРЫҚ**

23.10.2013г. № 1788

Павлодар қаласы

**ПРИКАЗ**

город Павлодар

**2013-2014 оқу жылында Павлодар қаласының  
оқу мекемелеріндегі алғашқы әскери  
дайындық пәнін оқыту туралы**

«Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» 2012 жылғы 16 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Азаматтарды әскери қызметке даярлау, бастапқы әскери даярлықты ұйымдастыру және жүргізу, сондайақ оның оқу-материалдық базасын қалыптастыру қағидалары» 2013 жылғы 11 ақпандағы №118 қаулысы және Павлодар облысының білім беру басқармасының 2013 жылғы 16 шілдедегі «Павлодар облысының жалпы білім беретін оқу орындарында 2013-2014 оқу жылының басталуы туралы» №1-05/224 және 2013 жылғы 07 қазандағы «2013-2014 оқу жылында Алғашқы әскери дайындық туралы» № 1-05/293 бұйрықтарын орындау үшін, әскер қатар алдындағы жастарды әскери қызметке дайындау және әскери патриоттық жұмысты ұйымдастыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2013 жылғы 01 қыркүйектен білім беру мекемелері 10-11 сынып оқушыларымен алғашқы әскери дайындық пәнін жүргізуді бастасын, аптасына 1 сағат
2. 2013-2014 оқу жылы оқу процесін ұйымдастыру кезінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2013 жылғы 03 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген типтік білім беру оқу бағдарламасын пайдалансын
3. Мынадай сағат саны бекітілсін:
  - «Алғашқы әскери дайындық» бағдарламасы бойынша:
  - кіріспе сабақ – 1 сағат;
  - әскери қызмет негіздері – 63 сағат;
  - дала жиыны – 30 сағат;
  - бақылау сабақтары – 4 сағат.
4. Дәрігерлік-санитарлық дайындық бойынша сабақтар бөлек өткізілсін. Сабақ өткізу үшін тек қана дәрігерлік білімі бар мамандар тартылсын.
5. Мектеп басшыларына: алғашқы әскери дайындық жөнінде оқу- материалдық базаны жетілдіру жөніндегі жұмысы жалғастырылсын

00252

- 2013-2014 оқу жылына жастардың алғашқы әскери дайындығы жөніндегі негізгі іс-шаралар жоспары бекітілсін;
  - алғашқы әскери дайындық дала-жаттығу жиыны арқылы жастармен ұйымдастырылсын;
  - алғашқы әскери дайындық сабағы жабдықталған кабинетте өткізілуі қамтамасыз етілсін;
  - қару-жарақ сақтауға арналған бөлме, оқ ату тирі, саптық және денені дамыту сабақтарына арналған алаңдар қайта жабдықталсын;
  - алғашқы әскери дайындық кабинетінде басқа жалпы білім беретін пәндер бойынша сабақ жүргізуге тиым салынсын;
  - қала мектептерінде АӘД оқытушы-ұйымдастырушылары үшін бірыңғай әдістемелік күні бекітілсін (әр айдың сәрсенбі күні)
  - АӘД оқытушы-ұйымдастырушысының жұмыс орнында, әскери киімсіз жүруіне тиым салынсын.
5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау білім беру бөлімі бастығының орынбасары Г.Ш. Шиндлярскаяға жүктелсін.

**Павлодар қаласы**  
**білім беру бөлімі басшысы**



**З. Мұқашева**